




150600, Пресновка с., Дружба к-сі, 19,
тел./факс 8 (71544) 7-90-25

150600, с. Пресновка, ул. Дружбы, 19,
тел./факс 8 (71544) 7-90-25

20 18 жыл "20" наурыз

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы бойынша
жер салығының базалық
мөлшерлемелерін түзету
туралы



«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»
(Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы
Кодексінің 503, 504, 505, 506, 704-баптарына сәйкес, Солтүстік Қазақстан
облысы Жамбыл ауданы мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 504, 505,
506-баптарымен белгіленген Жамбыл ауданы бойынша жер салығы
мөлшерлемелері, автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю
станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді
қоспағанда, базалық мөлшерлемелерден 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес қолданылмайтын
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге Қазақстан Республикасы Салық
кодексінің 503-бабымен белгіленген жер салығының мөлшерлемелері он есеге
жоғарылатылсын.

3. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес қолданылмайтын
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне Қазақстан Республикасы Салық
кодексінің 704-бабымен белгіленген бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері
он есеге жоғарылатылсын.

4. Солтүстік Қазақстан Жамбыл ауданы мәслихаты шешімдерінің күші
жойылды деп танылсын:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша жер
салығының мөлшерлемелерін түзету туралы» 2015 жылғы 31 наурыздағы № 36/6
(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылы
05 мамырда № 3242 тіркелген, 2015 жылы 15 мамырда «Ауыл арайы»
газетінде, 2015 жылы 15 мамырда «Сельская новь» газетінде жарияланған);

2) «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша жер
салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы» Солтүстік Қазақстан
облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 31 наурыздағы № 36/6

* Сериялық нөмірінсіз бланк жарамсыз болып табылады
* Бланк без серийного номера недействителен

000240

(Ж.А.М.) *Сейді*

(Ж.А.М.К.Б.) *Сейді*

шешіміне өзгертулер енгізу туралы» 2016 жылғы 09 наурыздағы № 46/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылы 13 сәуірде № 3712 тіркелген, 2016 жылы 04 наурызда «Ауыл арайы» газетінде, 2016 жылы 04 наурызда «Сельская новь» газетінде жарияланған).

5. Осы шешім 2019 жылы 1 қаңтардан қолданысқа енгізілетін 1 тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Жамбыл
ауданы мәслихатының
кезекті XX сессиясының
төрайымы**

 **О.Овчинникова**




**Жамбыл ауданы
мәслихатының
хатшысы**

 **Б.Мұсабаев**

КЕЛІСІЛДІ:

**Жамбыл ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы**

 **М. Садықов**
2018 жыл «20» наурыз

